

Шеримова Сауле Курмановнаның
8D09102-«Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған
«Вермиком» азықтық қоспасын ірі қара рационында пайдалану
кезінде сүт және сүт өнімдерін ветеринариялық-санитариялық бағалау»
тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Орындалған жұмыстың өзектілігі, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу. Қазіргі таңда Қазақстанда мал шаруашылығы – аграрлық сектордың қарқынды дамып келе жатқан саласы. Жануарларды толыққанды және үйлесімді азықтандыру өндірістік мал шаруашылығының басты мәселесі болып табылады. Ағзада микроэлементтердің жетіспеушілігі өздері құрамына кіретін ферменттердің және гормондардың белсенділігін төмендетеді. Осыған байланысты зат алмасу үдерісі бұзылып, әртүрлі аурулардың пайда болуына және ауылшаруашылық жануарлардың өнімділігінің төмендеуіне алып келеді. Ауылшаруашылық малдардың өнімділік деңгейін өсіру үшін мал шаруашылығы мен ветеринарияға арналған инновациялық тиімді қоспаларды жасау биотехнологияларын дамыту кең бағыттағы болашақты қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары зерттеушілердің назары ірі қара малды азықтандыру және олардың өнімділігін жоғарылату үшін дәстүрлі емес азықтық қоспаларды, яғни арзан минералды ресурстарды – алюмосиликаттарды, соның ішінде вермикулитті қолдануға бағытталып отыр.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашу. Пікір беріп отырған диссертацияның тақырыбы мал шаруашылықтарына арналған вермикулит негізінде әзірленген «Вермиком» азықтық қоспасын қолдану технологиясын жасау және оны тәжірибелік жағдайда зерттеу мен өндіріске енгізу болғандықтан, ол маңызды мәселені шешеді және агроөндірістік сектордың қарқынды дамуына әсер етеді. Вермикулит жоғары дәрежелі адсорбционды, катионалмастырушы және каталитикалық қасиеттерге ие. Әдебиеттік мәліметтерге сүйенсек, вермикулит улылығы мен мутагенді қасиеті жоқ және химиялық стрессор болып табылмайтын зат. Осы азықтық қоспаны бордақыланатын ірі қара диетасына қосу нәтижесінде малдың ет өнімділігінің едәуір өсетіні және өнімдер сапасының жақсаратыны әртүрлі тәжірибелерде дәлелденген. Шет елдерде вермикулит бұрыннан пайдаланғанымен, осы диссертация орындалу барысында мал шаруашылығының азықтық қоспасы түріндегі жаңа табиғи минерал ретінде Қазақстанда алғашқы болып қолданыс тапты.

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі. Диссертация орындау барысында докторант вермикулиттің күнбағыс күнжарасына әртүрлі концентрацияда қосып, оның сақталу кезіндегі сапасына әсерін анықтады. Вермикулиттің ылғалды сіңіру қасиеті әртүрлі

азықтық қоспаларды, дәрумендерді, пробиотиктерді және дәрі-дәрмектерді қосып, сонымен қатар 70% дейін сұйық қоспаларды (майлар, сұйық дәрумендер, холин-хлорид және т.б. сұйық заттарды) қосып, соңында қопсытылған құрғақ зат алуға мүмкіндік берді. Докторант өзінің диссертациялық жұмысының міндетіне сәйкес вермикулиттің күнбағыс күнжарасының сақтау кезіндегі сапасына әсерін зерттеу және «Вермиком» азықтық қоспасын әзірлеу, «Вермиком» азықтық қоспасының әртүрлі мөлшерін қолданған кездегі сиырлардың қанының гематологиялық және биохимиялық қасиеттерін зерттеу, «Вермиком» азықтық қоспасының сиырлардың сүт өнімділігіне әсерін анықтау, бақылау және тәжірибелік топтағы сиырлардың сүтінің және сүт өнімдерінің сапасын ветеринариялық-санитариялық бағалау, «Вермиком» азықтық қоспасын қолданған кездегі сиыр сүтінің құрамындағы аминқышқылдардың және минералдардың мөлшерін анықтау, «Вермиком» азықтық қоспасының сиырлардың ағзасындағы ауыр металдардың қалдық мөлшерін азайтуға әсерін зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. Диссертациялық жұмыстың мазмұны дұрыс құрылған. Зерттеу жұмысын жүргізу келесідей ретпен жүргізілген:

- Жергілікті вермикулиттің күнбағыс күнжарасының сақтау кездегі сапасына әсері. «Вермиком» азықтық қоспасын әзірлеу.

- «Вермиком» азықтық қоспасының сиырлардың қанының гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштеріне және сүт өнімділігіне тигізетін әсері.

- «Вермиком» азықтық қоспасын пайдаланған кездегі сиыр сүтінің сапасын ветеринариялық-санитариялық бағалау, химиялық, минералдық және аминқышқылдық құрамын анықтау.

- «Вермиком» азықтық қоспасының сиырлардың ағзасынан ауыр металдардың шығарылуына әсері.

Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі. Диссертациялық жұмыс ауқымды зерттеу көлемінде орындалған. Диссертациялық зерттеулерді орындау барысында Сауле Курмановна өзінің жұмысын жан-жақты қарастыруға ынталанып, зор ізденушілік қасиеттерді көрсете білді. Сонымен қатар, «Қазына-жер LTD» ЖШС-де шаруашылық жағдайда ғылыми тұрғыдан сенімді нәтижелер беретін көлемді тәжірибелерді ұйымдастыра алды. Бұл докторанттың ғылыми жобаларды жүргізу дағдыларын жеткілікті деңгейде меңгерген маман ретінде қалыптасқанына дәлел болады.

Ізденушінің тағы бір жағымды қасиеті – ол қарапайымдылығымен, және байсалдылығымен ерекшеленеді. Сауле Курмановна әлеуметтік қарым-қатынаста басқа адамдармен дұрыс тіл-табысуы арқылы күрделі мәселелерді шеше алатын тұлға ретінде танылды.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі. Докторант «Вермиком» азықтық қоспасының әртүрлі мөлшерін қолданған кездегі сүт пен сүт өнімдерінің сапасына

ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізген. Сүт пен сүт өнімдерінің сапасын органолептикалық, физика-химиялық, химиялық және микробиологиялық әдістерді қолдану арқылы зерттеген. Азық пен сүт үлгілерінің құрамындағы ауыр металдардың қалдық мөлшерін анықтауды жұмыстары nova350 атомды-абсорбционды спектрометрінде (Analytikjena, Германия) жүргізген.

Докторанттың диссертация тақырыбы бойынша төрт ғылыми мақалалар жарияланған, олардың біреуі жоғары импакт-факторға ие «Veterinary World» журналында басылып, Scopus дерекқорларына енгізілді.

Қорытынды. Аталған деректерге сүйене отырып, докторант Шеримова Сауле диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша алға қойылған міндеттерді түгел орындап, ветеринария үшін теориялық және тәжірибелік маңызы бар ғылыми жұмыс жасады. Диссертацияның құрылымы мен дайындалуы ғылыми диссертацияларға қойылатын талаптарға сай екендігін ескере отырып, оның авторы 8D09102-«Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші:

Алматы технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры, PhD



Абдигалиева Т.Б

АТУ	
Қолы	Абдигалиева Т.Б
Подпись	Абдигалиева Т.Б
ҚБББ куәландырылған	
(Заверено нач.ОУП)	
«22» 01	2024ж.

Вер.специал.мет ОУП
Айтмахан Д.Б.